

Ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін мамандар лауазымдарының Тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 330 қаулысы. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 02 ақпанда № 8-13-74 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 125 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 26.05.2016 № 125 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек Кодексінің 18, 238 баптарына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Қарқаралы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Аудандық бюджет қаражаты есебінен жиырма бес пайызға тарифтік мөлшерлеме және лауазымдық жалақысын көтеруге құқығы бар ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін білім беру, мәдениет және әлеуметтік қамтамасыз ету мамандары лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Акимовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми рет жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Омарханов

КЕЛІСІЛДІ

Қарқаралы аудандық

мәслихатының хатшысы

О. Жукібаев

22.12.2009 ж.

Қарқаралы ауданы әкімдігінің
2009 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 330 қаулысына қосымша

**Жиырма бес пайызға тарифтік мөлшерлеме және лауазымдық жалақысын
көтеруге құқығы бар ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін білім**

беру, мәдениет және әлеуметтік қамтамасыз ету мамандары лауазымдарының тізбесі

1. Білім беру мамандарының лауазымдары:

1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысы, оқу, тәрбие және оқу-тәрбие жөніндегі басшының орынбасары, менгерушісі, басшысы оның ішінде: кітапхананың, интернаттың;

2) (бас, аға) мамандар, оның ішінде: барлық мамандықтағы дәрігерлер мен мұғалімдер, медициналық бике, кітапханашы, тәрбиеші, тәлімгер, барлық мамандықтағы инженер, барлық атаулар техниктері, жаттықтырушы, нұсқаушы, әдіскер, аудармашы, программист, концертмейстер, хореограф, аккомпаниатор, есепші, экономист, алғашқы әскери даярлық жөніндегі оқытушы-ұйымдастырушы, әлеуметтік педагог, педагог-ұйымдастырушы, қосымша білім беретін педагог, педагог-психолог, логопед, мастер, өндірістік оқыту мастери, музика жетекшісі, емдем бикесі;

2. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

1) мемлекеттік мекемесінің және мәдениет қазынашылық кәсіпорнының басшысы мен орынбасары, бөлімшелер басшылары, оның ішінде: кітапхана, филиал менгерушісі;

2) (бас, аға) мамандар, оның ішінде: әдіскер, суретші, кітапханашы, режиссер, көркемдік жетекші, музыкалық жетекші, редактор, балетмейстер, концертмейстер, хормейстер, дирижер, аккомпаниатор, хореограф, ұйымдастырушы, музыкант, библиограф, нұсқаушы, программист, есепші, экономист;

3. Әлеуметтік қамтамасыз ету мамандарының лауазымдары:

1) бөлімшелердің басшылары, оның ішінде: бөлімшениң менгерушісі;

2) (бас, аға) мамандар, оның ішінде әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер.